

Балқаш қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 1 желтоқсандағы N 37/286 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қаңтарда N 8-4-209 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2012 жылғы 12 маусымдағы N 5/43 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2012.06.12 N 5/43 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы"
" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Балқаш қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі бекітілсін.
2. Қалалық мәслихаттың 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 29/279 "Балқаш қаласында мысықтарды және иттерді ұстау қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде N 1212 болып тіркелген, 2003 жылғы 2 шілдедегі N 51-52 "Балқаш өңірі" газетінде, 2003 жылғы 4 шілдедегі N 52 "Балхашский рабочий" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың өнеркәсіп, құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ж. Омаров) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрайымы

Т. Шаталова

Қалалық мәслихат хатшысы

И. Сторожко

"КЕЛІСІЛДІ"

Қала әкімі

Тейлянов К.Г.

01.12.2010 ж.

*" Балқаш қаласының
ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі"*

ММ-нің бастығы

Әлмағанбетов Б.Ә.

01.12.2010 ж.

Балқаш қаласы ішкі
істер бөлімінің бастығы Киякин Е.М.
01.12.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы
ауыл шаруашылығы
Министрлігінің агроөнеркәсіптік
кешеніндегі мемлекеттік
инспекциясы Комитетінің
Балқаш қалалық аумақтық
инспекциясы" ММ-нің
бастығы м.а. Қанатбеков И.Қ.

01.12.2010 ж.

Балқаш қалалық
мәслихатының 2010 жылғы
1 желтоқсандағы N 37/286
шешімімен бекітілген

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ММ" деген сөздер "мемлекеттік мекемесі" деген сөздерге алмастырылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

Балқаш қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес әзірленген. Ереже Балқаш қаласының аумағында иттер мен мысықтарды ұстаудың тәртібін реттейді.

Осы Ереже меншік түріне қарамастан заңды және жеке тұлғаларға, иттер мен мысықтардың барлық иелеріне, сондай-ақ иттер мен мысықтарды серуенге алып шығатын барлық тұлғаларға қолданылады.

2. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады

1) жануардың иесі - иесімен келісім бойынша жалдау негізінде және басқа да ұқсас қатынастарда жануарларды күтіп ұстаумен айналысатын ит пен мысықтың иесі ;

2) ит - мөлшеріне, түсіне және басқа да белгілеріне қарамастан сүтқоректі, қасқыр тектес үй жануары ;

3) иесіз жануарлар - тіркеуде жоқ, иелерін анықтау мүмкін болмаған, иелерінен адасқан не болмаса қашып кеткен, иесі немесе жануарға жауапты адам тарапынан қараусыз жүрген жануарлар;

4) иттер мен мысықтарды серуенге шығару - иесінің меншігі болып табылатын немесе басқа тұлғадан жалға алып отырған орын-жайдан тыс жерде болуы және иттер мен мысықтардың арнайы белгіленген аумақтарда серуендеуі болып табылады;

5) мысық - мөлшеріне, түсіне және басқа да белгілеріне қарамастан сүтқоректі, мысық тектес үй жануары.

2. Иттер мен мысықтарды тіркеуге алудың тәртібі

3. Жеке және заңды тұлғаларға тиесілі иттер үш айлық мерзімінен бастап және мысықтар екі айлық мерзімінен бастап "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі тізімдік есепке алынуға, тіркелуге жатады.

4. Әрбір тіркеуден өткен үй жануарларына бірдейлендіру реттік саны беріледі, бұл реттік сан оның бүкіл өмір сүру кезеңіне сақталады. Ит пен мысықты тіркеу барысында иелерінің есебінен белгіленген үлгіге сәйкес ветеринарлық құжат беріледі.

5. Тіркеу барысында иелер осы Ережелермен таныстырылады. Жануарлар иелерінің Ережелермен танысқандығы тіркеу Кітабына қол қойылумен куәландырылады.

6. Ит пен мысықты тіркеуден өткізу және қайта тіркеу кезінде иелері келесі құжаттар мен мәліметтер беруі қажет: иесінің жеке басының төлқұжаты, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, мекен-жайы, байланыс телефоны, ит пен мысықтың туылған күні, түрі, түсі, жынысы, лақап аты, ерекше белгілері немесе жануардың сипаты.

7. Үй жануарына эвтаназия қолданылғанда немесе өліп қалған жағдайда ветеринарлық құжат пен жетон жануар бұрын тіркелген органға немесе мекемеге тапсырылады.

8. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі жануардың шығу (сатылу, жоғалу, өлу, басқа бір адамға тапсырылу) жағдайларында тіркеуден шығару үшін немесе қайта тіркеуі үшін екі апталық мерзімде хабарлануы керек. Иелер тұрғылықты жерін ауыстырғанда үй жануарлары екі апта мерзімінде тіркеледі.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

9. Иттерді (үш айлық мерзімінен бастап) және (екі айлық мерзімінен бастап) мысықтарды сатып алу мен сату, басқа бір адамға тапсыру, барлық көлік түрлерімен қала ішінде тасымалдау әрекеттері құтырма және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы егілген уақыты белгіленген жануардың ветеринарлық құжаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

3. Иттер мен мысықтарды ұстау

10. Тұрғындарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға тиесілі иттердің барлық түрлері үш айлық мерзімінен бастап, құтырма ауруына және эпизоотиялық көрсеткіштерге сәйкес лептоспироз, микроспория ауруларына қарсы міндетті түрде егілуі және гельминттердің болмауына тексерілуге тиіс немесе алдын-алу шаралары қолданылуы тиіс.

11. Мысықтар туылғаннан екі айлық мерзімнен бастап адамдар мен жануарларға бірдей жұқпалы ауруларға, эпизоотиялық көрсеткіштерге сәйкес микроспорияға қарсы егілуге, гельминттердің болмауына тексерілуге тиісті.

12. Ата-аналарының жазбаша рұқсаты бар (итті өзінің атына тіркеу үшін), 14 жасқа толған тұлға иттің иесі (балуан текті иттен басқа) болуы мүмкін.

Ескерту. 12 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

13. Егер жануардың иесі заңды тұлға болған жағдайда, міндетті түрде жануарды ұстауға жауапты адамды тағайындауға тиіс.

Ескерту. 13 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

14. Ветеринариялық мекемелер мамандарының талаптары бойынша иттер мен мысықтарды бақылау үшін, диагностикалық зерттеу және емдеу, алдын-алу шараларын жүргізу үшін бөгетсіз берілуі керек.

15. Үй жануарының иесі дер кезінде, белгіленген уақыттарда, міндетті ветеринарлық шараларды өткізуге, жануарлардың карантиндік режимін сақтауға, жұқпалы ауруларды жою бойынша шараларды өткізуге тиіс.

Ескерту. 15 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді); өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.08.22 N 49/379 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) ш е ш і м д е р і м е н .

16. Иттер мен мысықтарды ұстау санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық

талаптарды және осы Ережені сақтаған жағдайда жүргізіледі:
бір ғана отбасынан тұратын тұрғын үй-жайларда;
бірнеше отбасынан тұратын тұрғын үй-жайларда, тек өзіне тиесілі аумағында
ұстауға (пәтер тұрғындарының жазбаша келісімімен);
мекемелерде, ұйымдарда, көп пәтерлі үйлерде, бақ шаруашылықтары,
коммерциялық емес бірлестіктерде және демалыс орындарында иттерді
байлаулы түрде немесе торда, яғни қоршаған ортаға, адамдарға қауіпсіздік
келтірмейтін және тыныштық сақталған жағдайда ұсталады.

17. Көп пәтерлі тұрғын үйдің пәтерінде бір отбасында үш айлық жастағы
төлдерді, үш мысық және ірі және орта тұқымды екі үлкен иттен артық ұстамау
ұсынылады. Үш айлық жастан жоғарғы иттің және мысықтың күшіктері өздері
тамақтанатын қабілетке ие болғаннан бастап қараусыз жануарларды ұстаумен
және аулаумен айналысатын кәсіпорындарға немесе жаңа иелеріне тапсырылады.

**Ескерту. 17 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық
мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

18. Иттер мен мысықтарды көпшілік пайдаланатын (ас әзірлеуге арналған
бөлмелерде, кіреберістерде, баспалдақ алаңдарында, үйдің шатырында,
жертөлелерде, балконда және басқа да қосалқы үй-жайларда) орындарда және үй
маңында (жеке тұрғын үй аумағынан басқа), қонақ үйлер мен жатахана
дәліздерінде ұстауға болмайды.

19. Қонақ үйлерде, қонақ үй әкімшілігінің рұқсатымен және
санитарлық-гигиеналық жағдайларды сақтаған жағдайда иелері итімен немесе
мысығымен бірге тұрақтай алады.

20. Иттер мен мысықтарды жекелеген тұрғын үй қорында, ғимараттарда,
және оларға тиесілі аумақтарда жердің заңды иегерінің рұқсатымен немесе басқа
да өкілетті тұлғаның келісімімен ұстауға болады. Иттер жақсылап қоршалған,
яғни қашып кете алмайтындай, адамдарға не болмаса басқа жануарларға
шабуылдамауына, ыңғайлап жасалынған аумақта ұсталуы тиіс. Осы аумақта
үлкен немесе орташа иттің барлығы жөнінде кіреберісте 20x30 сантиметр
көлеміндегі, иттің суреті бар "Ит күзетеді! Охраняется собакой!" ескерту
қ о й ы л у ы ш а р т .

21. Жеке тұрғын үйлер қорында гигиеналық–санитарлық және зоогигиеналық
талаптар сақталған жағдайда саны екіден көп иттерді ұстауға болады.

4. Иттер мен мысықтарды серуенге шығарудың тәртібі

22. Иттерді тұмылдырықпен (декоративті түрінен басқа) және қысқа мойын
жіппен (1,5 метрге дейін), экскременттерін жинауға арналған ыдыспен және

міндетті ветеринарлық алдын-ала өңдеуден өткен жануарларды серуендетуге шығару, осы Ереженің 27 тармағында көрсетілген орындардан басқа жерлерде, қоршаған ортаға ешқандай қолайсыздық келтірмейтіндей етіп ертіп жүруге және серуенге шығаруға болады. Итті серуенге шығарушы тұлғаның жасы 14-тен кем болмауы тиіс.

23. Иттердің иелері үнемі иттің мойнына аты, түрі, иесінің мекен-жайы мен телефондары көрсетілген жетон бекітілген қарғы бауы тағылады. Иесінің тілегі бойынша жетонда итке қатысты басқа да мәлімет болуы мүмкін.

24. Иттердің иелері серуендету кезінде 23.00. мен 06.00.сағат аралығында тыныштықты сақтауды қамтамасыз етуге тиіс

Ескерту. 24 тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді); 2011.08.22 N 49/379 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімдерімен .

25. Иесі ғимараттың ішінде уақытша болған мерзімге, итін қысқа мойын жіппен (1 метр) және тұмылдырықпен, өздігінен шешіліп кетпейтіндей етіп байлап, басқа тұлғаларға қауіп төнгізбейтін, қоғамдық тәртіпті бұзбайтын, қозғалыстарға және өзіне зиян келмейтіндей жағдайда байлаулы қалдыруына болады. Әрине, егер ит жүргіншілердің жүріп тұруына кедергі болмауы керек.

26. Көше қиылыстары мен магистралды жолдардан өткен кезде иттің иесі жол-көлік оқиғаларын және итті көліктің басып кетпеуін болдырмау үшін бас жібінен ұстауды ұсынады.

27. Иттердің иелеріне рұқсат етілмейді:

1) жануарларды рұқсат етілген немесе арнайы орындардан басқа, ауладағы балалар ойнайтын, спорттық алаңдарда, мектепке дейінгі және оқу орындарының аумақтарында, емделу мекемелерінің, саябақтар мен қоғамдық демалыс орындарының алаңдарында, тыйым салынған ескерту белгісі бар жерлерде серуендетуге ("Жер қатынастар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, "Құрылыс, саулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі иттерді қыдыртатын орындарды белгілейді, "Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі бөлінген орындарды қоршауды ұйымдастырады);

2) халық көп жиналатын орындарда және қоғамдық шаралар өтетін жерлерде адамдарды құтқаруға арналған тапсырманы орындау барысындағы, қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын жануарлармен бірге болуға;

3) иттерді қараусыз қалдыруға, үй жануарларымен жасыл желектерді бүлдіруге және талдарға, көшеттерге, көгалдарға зиян келтіруге тиым салынады;

4) иттерді су жағасында қыдыртуға, көпшілік суға түсетін жерлерде,

фонтандарда, су қоймаларында шомылдыруға.

28. Тіркелген иттер мен мысықтар иесінің меншігі болып табылады және кез-келген меншік ретінде заңмен қорғалады.

29. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген ит немесе мысық аурулар түрімен ауырған деп танылса, аумақтың мемлекеттік ветеринарлық инспектордың шешімімен, немесе соттың шешімімен иесінен алынып, жойылуы мүмкін. Егер де ит ауру емес деп танылса, онда ол иесіне қайтарылуы тиіс.

30. Қоғамдық жерлерде (көшелерде, аулалық аумақтарда, саяжайларда және басқа да орындарда) иелері тарапынан байлаулы тұрғандарынан басқа, ілеспе тұлғаларсыз жүрген иттер мен мысықтар қараусыз жүргендер болып саналады және қараусыз жүрген иттер мен мысықтар аулайтын және олардың өлекселелерін жинайтын арнайы қызметтермен аулануға жатады.

31. Қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды аулау жергілікті атқарушы органдарымен аулаудың жағдайлары реттелген келісім-шарт жасаған арнайы ұйымдар тарапынан жүзеге асады. Қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды аулаумен айналысатын жұмыскерлердің техникалық қамтамасыз етілуі аулауды жүзеге асыратын ұйымға жүктеледі.

5. Ереженің сақталуын бақылау

32. Балқаш қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережелерінің тұрғындар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар тарапынан сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілеттілік берген мемлекеттік органдар ("Балқаш қаласының ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекциясы Комитетінің Балқаш қалалық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі және Балқаш қалалық ішкі істер бөлімі) жүзеге асырады.

6. Жануарлар иелерінің осы Ережелерді бұзғандары үшін жауапкершілігі

33. Ветеринарлық-санитарлық ережелерді және Балқаш қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес тәртіптік жауапкершілік қарастырылады.

Ескерту. 33 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2011.03.10 N 42/324 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК